

**ҚАЗАҚСТАН**  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

**30** ЖЫЛ



**РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ**

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІГІ  
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ  
«ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ» КМҚК  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ  
МИНИСТРЛІГІНІҢ МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ  
«БЕРЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ РМҚК

# АЛТАЙ – ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

*«Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі»*

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
материалдары*

*(29 қазан 2021 ж.)*

АКИМАТ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ  
УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ  
КГКП «ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ»  
КОМИТЕТ КУЛЬТУРЫ МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ЗАПОВЕДНИК-МУЗЕЙ  
«БЕРЕЛ»

# **АЛТАЙ – ЗОЛОТАЯ КОЛЫБЕЛЬ ТЮРКСКОГО МИРА**

*Материалы*

*международной научно-практической конференции «Алтай –  
золотая колыбель тюркского мира»*

*(29 октября 2021 г.)*

ӘОЖ  
ББК  
А

Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі. Ғылыми мақалалар жинағы – Өскемен:  
2021. – 180 б.

**Редакция алқасының төрағасы:**

Ахметов Даниял Кенжетайұлы, экономика ғылымдарының докторы, Шығыс Қазақстан облысының әкімі

**Редакция алқасы:**

Ахметжанов Н., Нұрғазиева С., Самашев З., Төлеубаев Ә., Омаров Ф., Жансүгірова Л.,  
Қуш Г., Петенева Г., Сарбасов А., Елемесова Ж., Айтқали А., Жунисханов А., Рахманкулов Е.

**Ғылыми редакторлар:**

Айтқали А., Жунисханов А.

**Рецензент:**

Құрманқұлов Ж.

Жинақта «Шығыс Қазақстан облысында 2021 жылы археология саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамыту бағдарламасы» аясында Шығыс Қазақстан облысы территориясында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының алғашқы қортындылары мен Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясының өзекті мәселелері қарастырылған мақалалар енгізілген. Материалдар жинағы археологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

Мұқабада Елеке сазындағы көне түркі кешенінен табылған кісе әшекейі көрсетілген.  
Фотоға түсірген Н. Постников

УДК  
ББК

ISBN

© ШҚО әкімдігі, 2021  
© Авторлар  
© Дизайн және беттеу Рахманкулов Е.



«Шығыс Қазақстанда 2016-2026 жылдары археология саласындағы  
ғылыми зерттеулерді дамыту бағдарламасы»  
Жетекшісі: Даниал Ахметов

«Программа развития научно-исследовательских работ в сфере  
археологии в ВКО на 2016-2026 годы»  
Руководитель: Даниал Ахметов

«The program of development of research works in archeology in East  
Kazakhstan region for 2016-2026»  
Head Danial Akhmetov

**ЖҮНИСХАНОВ А<sup>1.</sup>, ҚҰРМАНҒАЛИЕВ А<sup>2.</sup>, АЙТҚАЛИ А<sup>3.</sup>,  
РАХМАНКУЛОВ Е<sup>4.</sup>, ЖАНҒАЛИЕВ Ұ<sup>5.</sup>**

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>2</sup> Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Анкара қ., Түрция

<sup>3</sup> Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Нұр-Сұлтан қалалық филиалы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>4</sup> «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

<sup>5</sup> Әлихан Бөкейхан университеті, Семей қ., Қазақстан

## КӨКЕНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ АЗА ТҰТУ КЕШЕНДЕРІ

Ежелгі және орта ғасырларда Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеу ісінде аза тұту ескерткіштері маңызды деректердің бірі. Бұл ескерткіштер көшпелі қоғамда елеулі рөл атқарған ру басы, батыр, патша мен руластарының есімдерін мәңгі сақтау үшін жасалатын ескі алу дәстүрінің ажырамас бір бөлігі болғандығын көрсетеді. Бұндай ескерткіштер тарихы тереңге кететін белгілі бір тәртіп, ритуалды дәстүрге негізделіп тұрғызылады. Әр бір тарихи кезеңге сай өзіндік қалыптасқан аза тұту дәстүрлері қалыптасып отырған. Соған байланысты аза тұту ескерткіштері де қоғамның дүниетанымдық көзқарастарының өзгеруіне байланысты өзіндік архитектуралық келбетін өзгертіп отырған. Бұндай құбылысты біз б.з.д. IX ғасырдан яғни ерте сақ кезеңінен бастап көшпелілердің қасиетті кеңістікті ұйымдастыру ісінде қалыптаса бастаған үлгілерден байқаймыз. Аза тұту дәстүрінің ажырамас бөлігінің басты элементі оба болғанымен, қоршаулар, меңгірлер, тас мүсіндерді де біз осы категорияға жатқызамыз.

Ұсынылып отырған мақалада 2021 жылдың далалық маусымында Көкентауда ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің аза тұту кешендерінде жүргізілген зерттеу жұмыстарының алғашқы нәтижелері ұсынылады.

№1 Сегіз тас. Көкен қыстағынан солтүстікке қарай 2 шақырым жерде орналасқан. Сегіз тас орналасқан алаңның батыс жағында көктем мезгілінде таудан еріген су ағатын жылға жатыр. Алаңның жан-жағы гранитті төбелер және жұрнақтармен қоршалған. Алаңның ортасында қалың қарағай өсуде. Алаңның солтүстігі мен оңтүстік-батыс тарапында қызыл жо-самен салынған ежелгі суреттер салынған гранитті жұрнақтар бар. Оңтүстік-батыс тараптағы гранитті жұрнақтағы суреттер Көкентауда белгілі жартас суреттерінің ішіндегі ең ірісі (1 сурет). Сондай-ақ, алаңның солтүстігіндегі кішкене төбенің етегінде қоныс анықталды.

Қазбаға дейін алқапта жүргізілген барлау жұмыстарының нәтижесінде солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша орналасқан екі тас обадан тұратын обалар тобы анықталды. Солтүстік обаның батыс жақ етегіне жапсыра салынған кішігірім тас құрылыс бар. Екі обадан батысқа қарай шығыстан батысқа қарай созыла орналасқан екі сегіз тас табылды. Биылғы далалық



1-сурет – Көкентау. Кешеннің жалпы көрінісі.

маусымда анықталған екі сегіз тастың шығыс жағындағы біреуі толықтай зерттелінді. Зерттелген сегіз тас шартты түрде бір деген нөмірді алды. Төменде осы зерттелінген №1 сегіз тастың сипаттамасы беріледі.

Қазбаға дейін №1 сегіз тастың айналысында қалың қарағай өсіп тұрды. Дегенмен сегіз тастың пішіні қазбаға дейін анық байқалды (2 сурет). Сегіз тастың барлық тастары қазбаға дейін күндізгі жер қабатының үстіне 10-25 см аралығында шығып тұрды. Шым қабатын тазалау нәтижесінде солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан. Пішіні сопақша келген тас конструкция анықталды. Тас құрылыс орташа өлшемдері 50x30x20 және 30x20x15 см жалпы саны сегіз болатын гранит тастардан түзілген. Қоршаудың өлшемдері шамамен 3x2 м құрайды. Сегіз тастың топырақпен толтырылған. Қоршаудың қабырға тастары ежелгі жер қабатының үстіне қойылған (3 сурет). Қоршау ішін тазалау барысында өрнектелмеген қыш ыдыстың сынығы мен сүйектің қалдығы табылды. Басқа қандай да бір бұйымдар мен заттар табылмады.



2-сурет – Көкентау. Сегіз тас. Қазбаға дейінгі көрініс.



3-сурет – Көкентау. Сегіз тас. Тазаланғаннан кейінгі көрініс.



Көне түркілердің қоршауы Көкен қыстағынан шығысқа қарай 1,5 км қашықтықта Ағзам сайына баратын жолдың сол жағында орналасқан. Қоршаудың шығысында XIX-XX ғасырлардың бірінші ширегімен мерзімделетін этнографиялық кезең қорымы бар (4 сурет). Қоршаудан ОШ қарай 20 метр жерде тігінен қойылған тұғыр тас тұр. Тастың бетінен қандай да бір бейне байқалмайды. Қоршаудың солтүстігінде геодезиялық белгі орнатылған төбенің солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан тастан үйілген обалар тобы анықталды. Солтүстік жағында орналасқан бірінші обаның шығыс жағына тұғыр тас орнатылған. Тастың жоғарғы жағы бүлінушілікке ұшыраған.

Бір обаның шығыс жағында бас жағы сындырылған тас мүсін бар.



4-сурет – Көкентау. Көне түркілердің қоршауы. Панорама.

Қазбаға дейін қоршау жоспарда әлемнің төрт бұрышына бағытталған конструкция болды (5 сурет). Конструкция тастары сыртқа қарай 60 градусқа шалқая орналасқан. Қоршаудың қазбаға дейінгі өлшемдері шығыстан батысқа қарай – 247 см, оңтүстіктен солтүстікке қарай – 230 см құрады. Қоршаудың шығыс жағында тұғыр тас қойылған. Тұғыр тастың жоғарғы жағы әдейі сындырылғанға ұқсайды. Тұғыр тас жәшікке қарай 45 градусқа құлай орналасқан. Тұғыр тастан шығысқа қарай 4,70 см қашықтықта балбал тас орнатылған. Балбал тас күндізгі жер қабатынан 15 см шығып жатыр.

Сондай-ақ, қазбаға дейін қоршаудан солтүстікке қарай 61 см қашықтықта орташа өлшемдері 82x40x19 см болатын тақта тастың сынығы жатты. Қоршаудың осы бөлігінде жүргізілген тазалау жұмыстарының барысында шығыс-батыс бойымен созыла орналасқан тағы бір тақта тас табылды. Тақта тастың ұшы күндізгі жер қабатына 5 см шығып жатты. Бұл тақта тастың астынан С-О линиясы бойымен созыла орналасқан тағы бір тақта тас анықталды.



5-сурет – Көкентау. Көне түркілердің қоршауы. Қазбаға дейінгі көрініс.

Қоршаудың батыс жақ қабырғасынан 30 қашықтықта өлшемдері 48x60x13 см болатын тағы бір тақта тастың сынығы анықталды. Оңтүстік қабырғадан 100 см қашықтықта өлшемдері 98x2x16 см болатын пішіні тіктөртбұрышты болып келген тұғыр тас іспетті тас орналасқан. Тас СШ-ОБ бағыты бойынша созыла жатты.

Аза тұту ескерткішін толыққанды зерттеу мақсатында солтүстік оңтүстік бағыты бойынша 6 м, шығыс-батыс бағыты бойынша ұзындығы 5 болатын жоспарда тіктөртбұрышты жалпы ауданы 30 шаршы метрді құрайтын қазба қойылды. Қазбаның Солтүстік-Оңтүстік бағыты бойынша ені 20 см құрайтын стратиграфиялық жал қалдырылды.

Ескерткіштің шым қабатын тазалау нәтижесінде қоршаудың солтүстік қабырғасы тұсында орналасқан тұғыр тас толықтай тазаланып, тұғыр тас пен солтүстік қабырғаның арасындағы кеңістік орташа өлшемдері 19x10x6,5 см болатын тастармен толтырылғандығы анықталды (6 сурет). Бұл тастар алғашында жәшіктің қабырға тастарын жылжудан қорғап тұратын бекітпе тастар болғанға ұқсайды. Қоршаудың ОБ қабырғасын тазалау барысында қабырғадан 28 см қашықтықта өлшемдері 37x28x8 см болатын сопақша келген өнделмеген тас табылды. Тұра осындай сопақша келген қоршаудың қарама-қарсы бөлігінен яғни СШ бұрышынан да табылған болатын.

Қоршаудың ішін тазалау барысында солтүстік қабырғаның іргесінен қызыл түсті граниттен өнделіп жасалған өлшемдері 27x21x9 см болатын шығыс-батыс бағыты бойынша созыла орналасқан тұғыр тасқа ұқсас тас шықты. Қоршаудың шым қабатын алып, тазалағаннан соң орташа өлшемдері 21x10x5 см болатын тастармен бетін толықтай жапқан. Қоршаудың ортасына өлшемдері 66x32x16 см тасты қырынан қойған. Қоршаудың іші сары топырақпен





6-сурет – Көкентау. Көне түркілердің қоршауы. Шым қабатын тазалағаннан кейінгі көрініс.

толтырылған. Қоршаудың ішін ары қарай тазалау барысында қандай да бір зат шықпады. Тек жәшіктің түбінен солтүстік қабырғадан 30 см, шығыс қабырғадан 70 см, батыс қабырғадан 80 см қашықтықтан өлшемдері 20x15x5 см ірі түйіршікті гранит тас табылды (7 сурет). Қоршаудың іші мен сыртын толықтай тазалағаннан соң тігінен қойылған тақта тастардан түзілген тас конструкция анықталды. Қоршаудың ішкі қабырғаларының өлшемдері СО – 153 см, ШБ – 155 см құрады.

Қоршаулар. 2021 жылдың далалық маусымында Көкендегі Үш-айыр тауының теріскей беткейінің етегінде орналасқан қоршауларда қазба-зерттеу жұмыстары жүргізілді.



7-сурет – Көкентау. Көне түркілердің қоршауы. Тас құрылыстың іші.



8-сурет – Көкентау. Қоршаулар. Панорама.

Қоршаулар орналасқан алаңның батыс жақ тарапы теректер өскен шағын орманмен шектесе (8 сурет), қалған тараптары гранитті жұрнақтармен қоршалған. Қоршаулар орналасқаннан алаңнан СШ қарай елу-алпыс метр жерде гранитті жұрнақта қызыл жосамен салынған ежелгі суреттері бар. Қоршаулар көктем мезгілінде таудан еріген су ағатын жылғаның бойында тұрғызылған. Сондықтан да қоршаулардың беткі қабаттарын шым қалың басқан. Қазбаға дейін жүргізілген зерттеу жұмыстары барысында күндізгі жер қабатының бетіне шамамен 3-5 см шығып жатқан жекелеген тастардың негізінде төрт қоршаудың орындары анық байқалды. Қоршаулар солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан. Қоршауларды нөмірлеу солтүстіктен оңтүстікке қарай жүргізілді. Төменде қазылған қоршаулардың сипаттамалары беріледі.

№1 қоршау. Қазбаға дейін қоршаудың беткі тастары күндізгі жер қабатының үстіне шығып жатты. Тас құрылысты толықтай аршып тазалау мақсатында көлемі 7,3x6,7 м құрайтын қазба қойылды. Шым қабатын тазалау нәтижесінде өлшемдері 4,6x4,3 см болатын СШ-ОБ бағыты бойынша созыла орналасқан сопақша келген тас құрылыс анықталды (9 сурет). Тас құрылыс орташа өлшемдері 85x60, 80x60, 70x60, 80x60, 80x45, 80x60 және 60x70 см болатын гранит тастардан түзілген. Қоршау тастары радиалды қойылып, жоспарда күннің шапақтарына ұқсайды. Қоршаудың ішкі өлшемдері 3,6x3,1 м. Қоршаудың іші сары топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде мола шұңқырының іздері анықталмады.





9-сурет – Көкентау. Қоршаулар. №1 Қоршау. Шым қабатын тазалағаннан кейінгі көрініс.

№1 және 2 қоршаулар. Phantom IV дронының көмегімен түсірілген суреттерден алынған мәліметтерге сәйкес солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша созыла, бір-біріне түйісе орналасқан тас құрылыс анықталды. Бұл қоршауларды біз шартты түрде №1 және 2 қоршаулар деп атадық.

Қоршауды толыққанды ашу мақсатында 12x10 м болатын қазба салынды. Қоршаудың шым қабатын тазалау нәтижесінде шеңбер тәріздес тас құрылыс толық тазаланып аршылды (10 сурет). Қоршау СШ-ОБ бағыты бойымен созыла орналасқан. Жоспарда сопақша келген. Қоршаудың сыртқы өлшемдері 5,3x5,4 м ал ішкі өлшемдері 4,6x4,4 м құрады. Қоршау тастары радиалды қойылып, жоспарда күннің шапақтарына ұқсайды. Тастардың орташа өлшемдері 50x60,

50x25, 10x40, 30x50, 50x40 см аралығында. Қоршаудың іші қара топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде мола шұңқырының іздері анықталмады.

№2 қоршаудың шым қабатын толықтай тазалағаннан соң өлшемдері 5,2x5,4 м болатын Солтүстік-Оңтүстік бағыты бойынша созыла орналасқан сопақша келген тас құрылыс анықталды. Тас құрылыс орташа өлшемдері 90x50, 90x40, 70x60, 60,50, 40x60 см болатын гранит тастардан түзілген. Қоршаудың батыс жағында өлшемдері 115x30x11 см болатын меңгір тас анықталды. Қоршаудың іші сары топырақпен толтырылған. Қоршаудың ішінде жүргізілген тазалау жұмыстары нәтижесінде мола шұңқырының іздері анықталмады.



10-сурет – Көкентау. Қоршаулар. №2-3 Қоршаулар. Қазбаға кейінгі көрініс.

2021 жылдың далалық маусымында зерттелген барлық ежелгі және ортағасырлық көшпелілердің діни-танымдарынан хабардар беретін аза-түту ескерткіштері зерттелді. Осы бағыттағы ескерткіштерді зерттеу арқылы біз Еуразияның далалық белдеуін қоныс еткен сақ және көне түркілік көшпелілер арасындағы сабақтастық мәселесін жаңа қырынан зерттеуге мүмкіншіліктер аламыз. Қазба жұмыстары аяқталғаннан соң барлық зерттелінген нысандар қайтадан жабылды (11 сурет).



11-сурет – Көкентау. Рекультивацияланған нысандар.



## МАЗМҰНЫ

ҚЫМБАТТЫ ОҚЫРМАН ! .....	8
САМАШЕВ З., ЕРЖАНОВА А., КИЯСБЕК Г., ПОЛОВЦЕВ М.Ю., МЕДЕЛБЕК Ш. АКБАУЫР I - ПОСЕЛЕНИЕ РАННЕСАКСКОГО ВРЕМЕНИ .....	10
САМАШЕВ З., ЖУНИСХАНОВ А., РАХМАНКУЛОВ Е., АЙТКАЛИ А., КУРМАНГАЛИЕВ А. ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ КОМПЛЕКСЕ АКБАУЫР II.....	25
САМАШЕВ З., ЧОТБАЕВ А. ЕРЖАНОВА А.Е., КИЯСБЕК Г., ПОЛОВЦЕВ М.Ю., МЕДЕЛБЕК Ш. НАЧАЛО РАБОТ НА ПОСЕЛЕНИИ АКБАУЫР III (ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ) .....	40
САМАШЕВ З., ЧОТБАЕВ А., МЕДЕЛБЕК Ш., ПОЛОВЦЕВ М. ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ ПОГРЕБЕНИЙ ЭПОХИ БРОНЗЫ НА ТЕРРИТОРИИ КОМПЛЕКСА АКБАУЫР .....	47
САМАШЕВ З., КИЯСБЕК Г., МЕДЕЛБЕК Ш., ЦИСТЫ КВАРЦЕВОЙ ОГРАДЫ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ КОМПЛЕКСА АКБАУЫР .....	51
ОМАРОВ Г., БЕСЕТАЕВ Б., САГЫНДЫКОВА С., ЧЫНАР С., МЕДЕЛБЕК Ш., ДЕМЕСИН Б., СУЙИНДИК Ж., ШЕРГАЗЫНУЛЫ М. ИЗУЧЕНИЕ АРХЕОЛОГИЧЕСКОГО КОМПЛЕКСА ДУАНАЛЫ .....	57
САМАШЕВ З., ЧОТБАЕВ А., КИЯСБЕК Г., ТОЛЕГЕНОВ Е., ПОЛОВЦЕВ М., САМАШЕВ С., СИРАЖЕВА Б., МЕДЕЛБЕК Ш., АХМЕТЖАНОВ Н., САРБАСОВ А., ЕЛЕМЕСОВА Ж. ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В КАЗАХСКОМ АЛТАЕ В 2021 ГОДУ .....	73
ТОЛЕУБАЕВ А., ЖУМАТАЕВ Р., УМИТКАЛИЕВ У., ШАКЕНОВ С., ЕРГАБЫЛОВ А.Е., КАКАБАЕВ Н.А. ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЙ ШИЛИКТИНСКО-ТАРБАГАТАЙСКОЙ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ ЭКСПЕДИЦИИ В 2021 ГОДУ.....	95
САМАШЕВ З., ТОЛЕГЕНОВ Е., НҰСҚАБАЙ Ә., ҚИЯСБЕК Ғ. ЕЛЕКЕ САЗЫДАҒЫ КӨНЕ ТҮРІКТЕРДІҢ ҒҰРЫПТЫҚ КЕШЕНІ .....	121
САМАШЕВ З., АЙТКАЛИ А., КУРМАНГАЛИЕВ А.К., SEVİNÇ EMRE ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ КУРГАНОВ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЭПОХИ ИЗ ДОЛИНЫ ЕЛЕКЕ САЗЫ В 2021 ГОДУ .....	129
ЖУНИСХАНОВ А., ҚҰРМАНҒАЛИЕВ А., АЙТҚАЛИ А., РАХМАНКУЛОВ Е., ЖАНҒАЛИЕВ Ұ. КӨКЕНДЕГІ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ АЗА ТҰТУ КЕШЕНДЕРІ .....	138
ДЖАНСУГУРОВА Л.Б. ПАЛЕОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ МАТЕРИАЛОВ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА .....	146
SİNAR S DOĞU KAZAKİSTAN'DA ARKEOLOJİ TETKİKLERİNİN ERKEN TÜRK TARİHİ ARAŞTIRMALARINA KATKISI .....	161
SEVİNÇ EMRE.KAZAKİSTAN'IN ERKEN DEMİR ÇAĞI ARAŞTIRMALARINDAKİ REKONSTRÜKSİYON PROBLEMİ (TAQSAY ALTIN GIYİMLİ KADINI ÖRNEĞİNDE).....	171

## ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

# Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары*

**Ғылыми редакторлар:** Айтқали А., Жунисханов А.

**Рецензент:** Құрманқұлов Ж.

**Дизайн және беттеу:** Рахманқұлов Е.

Подписано в печать.  
Бумага офсетная. Формат 84x108 1/16  
Офсетная печать.  
Тираж  
Заказ №